


**ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ  
METHODS OF TEACHING HISTORY**

---

FTAXP/ МРНТИ / IRSTI 03.01.45

ӘӨЖ/УДК/ UDC 930:37.016

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.84.1.020>

Б.Қ. Әбдігүлова \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық факультеті,  
«Ежелгі және ортағасырдағы Қазақстан тарихы» кафедрасы п.ғ.д. профессор,  
Алматы қ., Қазақстан  
E-mail: [baglan\\_5577@mail.ru](mailto:baglan_5577@mail.ru)*

**ЖОО-нда ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК-  
ТАНЫМДЫҚ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Әрбір адамның тарихты, әсіресе өз Отанының тарихын білуінің маңызы зор. Отан тарихында өткен және болып жатқан өзгерістер мен қазіргі заманның күрделі проблемаларын зерделеуде жоғары оқу орында Қазақстан тарихы курстарын оқытудың мүмкіншілігі зор.

Зерттеудің мақсаты-жастардың бойына азаматтылық пен елжандылық сезімдерді қалыптастыруда жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытудың тәрбиелік-танымдық мақсаты, міндеттері, мүмкіншіліктері, маңызы мен әдістемесін негіздеу. Осындай маңызды міндеттердің бірі – ЖОО-нда Қазақстан тарихы курсына оқытуда студенттерге сапалы білім беру, еліміздің тарихын, тілін, салт-дәстүрін оқыту, отансүйгіштік сезім мен ұлтаралық келісімге тәрбиелеу, олардың тарихи санасын қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Нәтижелер: Қазақстан тарихының ежелгі заманнан бүгінге дейінгі негізгі даму кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік және мәдени дамуының маңызды мәселелері қарастырылады. Қазақстан тарихының гуманитарлық білім беру жүйесіндегі орны, әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен рөлі туралы жалпы ұғымды қалыптастыру, Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін толық және объективті ашып көрсетудің қажеттілігі талқыланады. ЖОО-нда Қазақстан тарихы курсына оқытудың білім алушыға сапалы білім берудегі, азаматтылық пен елжандылыққа тәрбиелеуге, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудағы мүмкіндіктері және өзекті мәселелері ашып көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** тәуелсіз мемлекет, егемендік, патриотизм, қазақстандық патриотизм, мораль, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, білім беру ісінің инновациялық дамуы.

Абдуғулова Б.К. \*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*д.п.н., профессор кафедра «Древней и средневековой истории Казахстана»  
Факультет Истории и права при КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан  
E-mail: [baglan\\_5577@mail.ru](mailto:baglan_5577@mail.ru)*

**ВОСПИТАТЕЛЬНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ  
КУРСА ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В ВУЗЕ**

*Аннотация*

Важно, чтобы каждый человек знал историю своей Родины, охватывающую прошлое, настоящее и будущее народа. История Казахстана – один из важнейших предметов, способствующих воспитанию чувства любви к своей Родине, уважения к прошлому страны,

традициям и обычаям казахского народа. Цель исследования - обоснование цели, задачи, воспитательно-познавательные возможности, содержания и методику преподавания истории Казахстана в Вузе. Курс охватывает историю Казахстана с древнейших времен до наших дней. Важнейшие события и явления истории страны изложены в хронологическом порядке.

Содержание курса предусматривает дальнейшее углубление знаний обучающихся, полученных по школьным дисциплинам «История Казахстана». Содержание отобранных материалов способствует расширению кругозора студентов, пониманию роли человека в истории, конкретизирует представления об исторических событиях с древнейших времен до наших дней.

Результаты: рассматриваются важнейшие вопросы этнического, социального и культурного развития на основных этапах развития истории Казахстана с древнейших времен до наших дней. Обсуждается необходимость формирования представления о роли истории Казахстана в системе гуманитарного образования, о Казахстане в мировом историческом процессе, полного и объективного раскрытия актуальных проблем истории Казахстана. Рассматриваются актуальные проблемы и возможности преподавания курса истории Казахстана в вузах в качественном образовании, воспитании гражданственности и патриотизма, развитии их творческих возможностей студентов.

**Ключевые слова:** независимое государство, суверенитет, патриотизм, казахстанский патриотизм, мораль, межнациональное согласие и толерантность, инновационное развитие образования.

*Abdugulova B.K. \**

*Abay Kazakh National Pedagogical University, Faculty of History and Law, Department of "History of Kazakhstan in Antiquity and the Middle Ages", PhD, Professor, Almaty, Kazakhstan  
E-mail: baglan 5577@mail.ru*

## **EDUCATIONAL AND COGNITIVE POSSIBILITIES OF TEACHING THE COURSE OF HISTORY OF KAZAKHSTAN IN UNIVERSITIES**

### *Abstract*

It is important that everyone knows the history, especially the history of their homeland. Studying the past and ongoing changes in the history of the Fatherland and the complex problems of our time makes it possible to teach courses on the history of Kazakhstan in higher education institutions.

The purpose of the study is to substantiate the educational and cognitive goals, objectives, opportunities, significance and methods of teaching the history of Kazakhstan in higher educational institutions in the formation of a sense of citizenship and patriotism among young people. One of such important tasks is to provide high-quality education to students studying the history of Kazakhstan in universities, teaching the history, language, traditions of our country, fostering a sense of patriotism and interethnic harmony, forming their historical consciousness and developing creative abilities.

Results: the most important issues of ethnic, social and cultural development at the main stages of the development of the history of Kazakhstan from ancient times to the present day are considered. The necessity of forming a general understanding of the place of the history of Kazakhstan in the system of humanitarian education, the place and role of Kazakhstan in the world historical process, a full and objective disclosure of the current problems of the history of Kazakhstan is discussed. The current problems and opportunities of teaching the history of Kazakhstan in universities in high-quality education, education of citizenship and patriotism, and the development of their creative abilities are revealed.

**Keywords:** independent state, Sovereignty, patriotism, Kazakh patriotism, morality, interethnic harmony and tolerance, innovative development of education.

### **Кіріспе**

Қазақстан тарихы – дүниежүзі тарихының құрамдас бөлігі. Қазақстан тарихында –

еліміздің көне заманнан бүгінге дейінгі өткен аса маңызды оқиғалар хронологиялық реттілікпен берілген. Қазақстан тарихы халықтың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен ерлердің қаһармандық істерін, егеменді еліміздің бүгінгі өмірін баяндайды. Ұлт тұлғалары–көрнекті ғалымдар мен ақын-жазушылардың, белгілі қоғам қайраткерлерінің өмір жолы, шығармашылығымен таныстырады.

Еліміздің әрбір азаматы өз отанымыздың тарихын жақсы меңгеруі маңызды. Өткенімізді білмей, қазіргі өмірді ұғынып, болашаққа бағдар жасай алмаймыз. «Қазақстан тарихы» пәнін оқып үйренудің құндылығы да міне осында. Тарихи білімнің жаңа мазмұнының басты ерекшелігінің бірі-оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, білім алушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

**Материалдар мен әдістер.** «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Қазақстан тарихы» жалпы білім беретін пәнінің тұжырымдамасы, типтік оқу бағдарламасы және оқулықтарда жоғары патриоттық және тарихи сананы қалыптастырудың мәні туралы идеялар насихатталады. Белгілі тарихшы ғалымдар М.Қозыбаев, Исмагулов О., Исмагулова А, Таймағамбетов Ж.К., Байгунаков Д.С. және басқа ғалымдардың еңбектерінде «Қазақ тарихы - Дала өркениетінің құрамды бөлігі», Қазақстанның тас дәуірі, қазақ халқының қалыптасуы және басқа өзекті мәселелер зерделенеді. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю., Селевко Г.К, Хуторской А.В, Беспалько В.П., т.б. және басқа зерттеушілердің аталған проблеманың педагогикалық аспектілеріне арналған еңбектері жарияланды.

Мақаланы жазу кезінде отандық және шетелдік зерттеушілердің әдіснамалық ұстанымдары мен қорытындылары негізінде тарихи-салыстырмалы талдау тәсілдерінің мүмкіндіктері, тарихи- жүйелік, проблемалық, талдау, сипаттау, теориялық таным әдістері қолданылды. Бұл ғылыми-зерттеу материалдары, автордың ЖОО «Қазақстан тарихы» курсының оқытудың өзекті мәселелері жайлы тұжырымдамаларын айқындауға және қорытындылауға мүмкіндік береді.

**Талқылау.** Тарихи білімді жаңа әдістемелік тұрғыдан қарастыру өз елінің өткенін белсене тануға, ақпараттарды жеке-дара таңдау мен бағалау біліктерін дамытуға, білім алушылардың алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын өз өмір тәжірибелерінде қолдана алуға және болашаққа дұрыс қадам жасауға мүмкіндік береді. *Тарих* (көне грекше: *ιστορία* — сұрастыру, зерттеу) — адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық ғылым [1]. Тарих сөзі грек тілінен аударғанда «өткен оқиғалар туралы әңгіме, баяндау, сұрастыру, зерттеу" деген мағынаны білдіреді.

Тарих ғылымы адамзат қоғамының даму процесінің заңдылықтарын зерттейді. Бұл заңдылықтарды білу өткенді және бүгінгіні жақсы түсінуге және болашақты болжауға көмектеседі. «Халықсыз - тарих жоқ, тарихсыз - халық жоқ» деген нақыл сөз бекер айтылмаған. Тарих ғылымы өткен және бүгінгі фактілерге сүйенеді. Өткен тарихымыздан өнеге алып, келешегімізді болжап, қателіктерін болдырмауға ұмтыламыз. Тарихты зерттеу арқылы тарихи сана, мәдениет, діл, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. «Тарих табиғат және қоғам дамуындағы қандай болмасын даму процесі; адамзат қоғамының өткенін барлық қырынан, жан-жақты зерттейтін ғылым» [2,557]. Тарих қоғам дамуы туралы ғылым. Тарих ғылымы даму барысында көптеген адамзат ұрпақтарының тәжірибесін жинақтайды. Тарих - үздіксіз даму үстінде болатын ғылым [3,10]. Олай болса, тарих ғылымының негізгі міндеті – тарихи процесті толық және бүтіндей, шынайы суреттеп, қарастыру болып табылады.

Туған елі мен жерінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін, ертеңгі болашағын оқып-үйрету әр білім алушының бойында Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады, өз халқының және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін құрметтеуге септігін тигізеді.

*Қазақстан тарихын оқытудың мақсаты:* Қазақстан тарихының ежелгі заманнан бүгінге дейін-гі негізгі даму кезеңдеріндегі маңызды оқиғаларды, құбылыстарды және құнды фактілерді оқыту негізінде студенттерді елжандылыққа тәрбиелеу, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

*Қазақстан тарихы пәнінің міндеттері:*

- Білім алушыларды қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының дамуы, жетістіктері және өзекті мәселелерімен таныстыру, объективті және жан-жақты зерделеу;

- өткен заманның кез-келген құбылысын сол заманның контекстінде, бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен, өзара байланысында бағалау, талдау қабілетін дамыту;

- тарихи оқиғалар, құбылыстарды, тарихи заңдылықтарды, тұлғаларға қатысты пікірлерді салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, түрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу, өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

- туған өлке тарихын зерделеу, өлкедегі тарихи үдерістердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру; өлкенің табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне баулу;

- интерактивті әдістерді және сандық технологияларды пайдалану, деректерден алынған ақпараттарды қолдану, жобалық жұмыс және проблемалық тапсырмаларды аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру;

- коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық, еркін білдіру, топта жұмыс істей алу, алған білімін өз өмірінде пайдалана алу, т.б. [4; 5; 6; 7].

Республиканың әр бір азаматы елінің бүгінгі және ертеңгі болашағына, оның қандай болатынына жауапты және өзі өмір сүріп отырған қоғамды одан әрі жетілдіруге үлес қосуы тиіс. Тәрбиелік-танымдық жауапты міндеттерді жүзеге асыруда ЖОО-нда оқытылатын Қазақстан тарихы пәнінің маңызы зор.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті еліміздегі ең алғашқы жоғары оқу орны. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тарих және құқық факультетінің профессор-оқытушылары университеттің барлық білім алушыларына «Қазақстан тарихы» пәнінен лекция оқып, семинар өткізіп, өзіндік жұмыстар ұйымдастырады.

«Қазақстан тарихы» курсының дәрістерінде, семинарлар мен өздік жұмыстарында «Қазақстан тарихы пәнінің мақсаты, міндеттері және күтілетін оқу нәтижелері», «Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы», «Түркі өркениеті және ұлы дала», «Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII-XX ғ. басы)», «Кенестік кезеңдегі Қазақстан», «Тәуелсіз Қазақстан» және басқа тақырып-тардың мазмұны ашып көрсетіледі. Студенттер Қазақстан тарихы пәнінің мәні, Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың өмірі, тұрмыс тіршілігінен бастап Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы және қазіргі қоғамдық, әлеуметтік және мәдени жағдайымен танысады [4].

Білім алушылардың мектепте алған білімдерін ескере отырып, Қазақстан тарихы пәнімен жан-жақты танысады. Қазақстан тарихын оқыту барысында еліміздегі ұлтаралық қатынастың тарихи өзіндік ерекшеліктеріне назар аударылады. Атап айтсақ, Қазақстанға көптеген халықтар-дың өз ата-баба қонысынан еріксіз депортациялануы, кеңес кезеңінде индустрияландыру, Ұлы Отан соғысы жылдары, тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңдерінде қандай себептермен келді, оның тарихи және саяси мәнін анық, еш бұрмалаусыз түсіндіру, ұлттық дәстүрлерді құрметтеу, әр халықтың ерекшеліктерін ашып көрсету аса өзекті мәселе болып табылады. Соны-мен қатар Қазақстан этностарының тарихы мен мәдениеті туралы білімдерін кеңейтуде «Тәуелсіз Қазақстанның конфессионалдық саясаты. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері. Діни экстремизм мен терроризм қаупі және оған қарсы күрес. Қазақстан халқының диаспорасы» атты тақырыптардың оқытылуы да заңды үрдіс.

Ұлт пен ұлыстардың татулығы арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері дамып келе жатыр. 140 этнос пен 46 конфессияға ортақ үй болып отырған Қазақстандағы этносаралық келісім-еліміздің қуатты мемлекетке айналуының негізгі кілті болып табылады.

«Кеңестік кезеңдегі Қазақстан», «Тәуелсіз Қазақстан» бөлімдерін оқыту барысында Қазақстандағы ұлтаралық қатынас тарихи және геосаяси жағдайларға байланысты өзіндік ерекшеліктері қарастырылады. Мысалы, Қазақ жері соғыс жылдары елімізге күшпен көшірілген көптеген халықтарға пана болды. Қазақ халқы оларды туған бауырындай құшақ жая қарсы алып, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықтың үлгісін танытты.

Қазақстан үшін ұлтаралық достық қатынас, өзара түсіністік сияқты мәңгілік құндылықтар ел бірлігі жолындағы маңызды тұғыр болып табылады. Білім алушыларға көп ұлтты Қазақстан халқының өзара бірлігін, татулығын, болашақты бірге құруға атсалысуының мәнін дұрыс ашып көрсетудің маңызы зор. Осы орайда, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын: патриотизм, ұлтаралық келісім мен толеранттылық сияқты құндылықтарды жастарға баулу маңызды. Отан тарихын оқыту үдерісінде білім алушы-жастардың бойына осындай қасиеттер сіңірілуіне баса көңіл бөлінеді.

Ұлтжандылық, отансүйгіштік, адамгершілік қасиеттер адам бойына ұрпақтан ұрпаққа сіңіп, үздіксіз жалғасын тауып отырған үдеріс. Қазақстан тарихы мен қазақ мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі, ділі мен діні біздің маңызды тұғырымыз. Осы орайда, жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын терең де жетік оқып үйренуіміз-заман талабы.

«Ерте темір тайпаларының этносаяси және әлеуметтік тарихы. Сақтар. Массagetтер. Савроматтар мен сарматтар. Ғұн тайпалары, үйсіндердің этносаяси бірлестіктері, қаңлылардың тарихи-мәдени мұрасы, шығу тегі және этностық тарихы», «Түрік қағанатының құрылуы, құрылымы және саяси тарихы. Көршілес мемлекеттермен өзара қарым-қатынас" тағы басқа тақырып-тарда "Үйсін мемлекеті пайда болып, өркендеп, шығанға шыға бастаған кезде көне түрік өркениеті – Дала өркениеті бой көтерді. Түрік қағанаты империя құрылып, түркі нәсілі бір тудың астына жиналған сәтте өркениет өзін әлемге танытты. Сонымен Алтайдан Донға, кейде Дунайға серпілген бұл өркениет 2000-2500 жылдық тарихы бар өркениет" болғаны туралы білімдерін тереңдетуге мүмкіншілік бар [8]. Қазақ халқының аса бай мәдени және тарихи мұрасы, көшпелі өркениеттің дүниежүзілік тарихта атқарған рөлі туралы білімдері кеңейе түседі.

Қазақ хандығы – Қазақ мемлекеті құрылуы ұзақ та күрделі үдеріс. Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюында Тәуке, Абылай сияқты хандар ерекше орын алды. Ақ киізге көтеріп хан сайлаған, ханның ел билеудегі рөлі, атқарған қызметі, мінез-құлқы туралы қызықты фактілерді, нақты оқиғаларды пайымдау, сол кезеңдегі қазақ халқының өмірін, салт-дәстүрін, тарихи қайраткерлердің рөлін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Оқу картасынан кең-байтақ Қазақстан жерінің жағырафиялық табиғи орны, оның көп ұлтты халқының құрамы мен Еуразия құрлығының қақ ортасында орналасқан аумағы айқын көрінеді. Қазақстан өзінің көп ғасырлық тарихында Шығыс және Батыс өркениеттерінің этносаралық байланыстарының белсенді аймағы болған. Осы орайда, Отан тарихының материалдары Қазақстан тарихы түрік дүниесі халықтары тарихының табиғи бір бөлігі ретінде, дүниежүзілік өркениеттілік үрдісіндегі қазақ халқының орны мен рөлін ашып көрсетуге ықпал жасайды.

«Ежелгі дәуірдегі мәдениеттер мен этностардың ара қатынасы. Ежелгі қалалар мәдениеті», «Түркілер өркениеті және Ұлы жібек жолы. Көшпелілер. Қалалар мен қоныстар – әскери-әкімшілік, мәдени, сауда мен қолөнер орталықтары. Ортағасырлық сәулет ескерткіштері, қалалық мәдениеті. Орхон-Енисей (руникалық) жазуы ежелгі түркі өркениетінің өркениеттік белгісі ретінде», "Тәуелсіз Қазақстан" және басқа тақырыптар зерделенеді. Осы оқу материалдары арқылы студенттер Қазақстан аумағында тұратын халықтар түрлі әлемдік өркениеттің құнды қазыналарын бойына сіңіріп, өз кезінде оны шаруашылықты жүргізу мен мәдениетте жеткен жетістіктерімен байыта түскені туралы кең мағлұмат алады.

Қазақстан тарихында қазақ халқының ежелден басқа халықтармен, көрші мемлекеттермен байланыс жасап, қарым-қатынаста болғанын, қазақ елі бейбітшілік саясат ұстанғанын, халықтар арасындағы достық пен түсінушіліктің маңызын баяндайтын тәрбиелік-танымдық мәні зор материалдар баршылық. Осы тақырыптар білім алушылардың санасында ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыруда елеулі үлес қосады.

«Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII - XX ғ. басы)» атты бөлім мазмұнымен танысу нәтижесінде «XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы, «Ақтабан шұбырынды», «Алқакөл сұлама» жылдары, Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресі, Қазақ халқының ұлт-азаттық күресіндегі қазақ батырларының рөлі» сияқты мәселелерді тереңінен зерделеу көзделген. Қазақ халқы өз елін, жерін сыртқы

шапқыншылардан–моңғол, жоңғарлардан ерлікпен қорғады. Отырар мен Аңырақай, Бұланты түбінде болған шайқас туралы кім естімеді? Батырлар: Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, билер: Төле, Қазыбек, Әйтеке, тағы басқа батыр-ларды, билерді, елжанды азаматтардың өмірі мен қызметімен терең танысу қарастырылған.

Қазақстан тарихын оқыту барысында білім алушыларға «азаттық, тәуелсіздік, егемендік, еркіндік, елжандылық» ұғымдарының мазмұны мен маңызы, мән-мағынасын тереңінен ашып көрсету көзделген. Тәуелсіздік-мәңгілік құндылық. Егемендік-ел тарихындағы жаңа дәуірдің бастауы Отан тарихында өз халқының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен халықтың ерлігі, қазақ елінің басшыларының мүмкіндігінше бейбітшілік саясат ұстауы жайлы материалдар шәкірттерді отаншылдыққа тәрбиелеуге үлес қосады.

«Қазақстанның Ресей империясына қосылуы. Жер мәселесі. Шекаралық шептердің құрылуы, жерді тартып алу», "Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс", тағы басқа тақырыптарды оқып-үйрену барысында студенттер қазақ жерінің Ресей империясының қоластына өтуі, отаршылдық саясаттың мәні, тәуелсіздік жолында күрескен Сырым, Кенесары хан, қоныс аударушылар мен жергілікті халықтың арасындағы байланыс, қарым-қатынас туралы білімдерін арттыруға жағдай жасалады.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен оның көрнекті өкілдері, ұлттық демократиялық зиялылар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтың өмірі мен қызметі кімді болса да тебіrentпей қоймайды. Олар кімдер? Олар неліктен ел есінде? Білім алушылар бұл сұрақтарға жауапты Қазақстан тарихын оқып-үйрену барысында табады.

"Кеңестік кезеңдегі Қазақстанға" арналған дәрістерде Кеңес өкіметі кезеңіндегі Қазақстан: ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, өнеркәсіпті дамыту, ұлт саясатындағы бұрмаланушылықтың ықпалы, қуғын-сүргін туралы мәліметтермен жан-жақты танысады. «Карлаг», «Алжир», «Гулаг» деген ұғымдардың мазмұны ашып көрсетіледі.

Қазақстан халқының өзара бірлігі мен татулығына арналған тақырыптарда Қазақстан халқы-ның тағдыры да ортақ, тарихы да ортақ деген маңызды идеяларды жүзеге асыруда Отан тарихы-ның материалдарының мүмкіншілігі зор. «XIX ғ. 60-90 жылдарындағы көші-қон мәселесі. Орыс шаруаларын Қазақстанға қоныстандыру туралы уақытша ережелер. Орыс шаруаларын Қазақстан аймақтарына орналастыру ерекшеліктері. Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы» атты дәрістерде білім алушыларға Қазақстан неліктен көп ұлтты аймаққа айналғаны, этносаралық келісім, толеранттылық, сауда, мәдени, дипломатиялық байланыстардың маңыздылығы жайлы нақты фактілерді пайымдауы негізінде ашып көрсетіледі. Білім алушыларда қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеуде, адам-гершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруда бұл сабақтардың орны ерекше.

«XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның экономикалық жағдайы», Қазақстан аумағындағы ядролық сынақтар және олардың зардаптары», «Тәуелсіз Қазақстанның экономика-сындағы түбегейлі өзгерістер» және тағы басқа дәрістерде экологиялық мәселелер қарастыры-лады. Адамдар тіршілігінде жер, су, климат, қазба байлықтардың маңызы туралы ашып көрсетіп, еліміздің қырып-жоятын қарулар жасайтын, қаруларды сынайтын аймаққа айналуы, оның зарда-бы, табиғаттың ластануы туралы материалдарды оқытып-үйрету арқылы, экологиялық тәрбие беруге назар аударылады. Бұл материалдардың мазмұны жастарға қазақ халқы ертеден-ақ табиғи ортамен толық үйлесімде болғанын, ол бостандық сүйгіш, төзімді, өжет болып өскенін, ата-бабаларымыз даладағы "көшіп-қону, экологияны сақтау, демографиялық процесті жолға қою, салт-серілік дәстүр сияқты Дала этикасын, менталитетін орнатты" деген қорытындыға келуге басты назар аударылады [8].

Білім, ғылым, мәдениеттің дамуына арналған сабақтарда «Ұлы Жібек жолы аумағындағы көшпелі және отырықшы мәдениет. Прото және ежелгі түріктердің мәдениет генезисі», «Орта ғасырдағы ауызша тарих және археологиялық деректер. Археологиялық зерттеулер мәдениеті», «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ғылым, мәдениет және халыққа білім беру», «Кеңес кезеңіндегі мәдениет және ғылым. Мәдени-рухани өмірдегі қайшылықтардың тереңдей түсуі – әміршіл-әміршілдік биліктің күшеюінің салдары» және басқа тақырыптарды

оқып-үйрену студенттердің эстетикалық талғамын қалыптастыруға, ізгілікке тәрбиелеуге ықпал жасайды. Бұндай тақырыптардың мазмұны негізгі шаруашылығы көшпелі мал шаруашылығы бола тұра, көшпелілер егін егіп, қолөнер дамытып, қалалар мен ғимараттар салғанын, өте бай ауыз әдебиеті, аң стильді өнері, көшпелі өркениет дамығанын, көшпелі өркениеттің дүние жүзілік тарихта атқарған ролін ашып көрсетуге бағытталады. Мәдениет ескерткіштерінде халықтың ақыл-ойы, арманы мен сезімі білім алушылардың өз халқына деген мақтанышын, өз Отанын сүю сезімдерін арттыруға ықпал жасайды.

«Түркі мәдениетіндегі ауызша дәстүр. Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қ.А. Ясауи», «Қазақстан мәдениетіне қосқан үлесі. А.И. Левшин, В.И. Даль. Ағартушы ғалым Ш. Уәлиханов және оның Қазақстанның тарихы, географиясы, экономикасы мен мәдениетіне қатысты ғылыми мұрасы. Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі. Абай Құнанбаевтың қазақ халқының мәдениетіндегі тарихи ролі. Қ.Сағырбайұлы, Д. Шығайұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы және т.б. музыкалық шығармашылығы. Қазақ әдебиеті. «Зар-заман» мектебі» сияқты тақырыптар мазмұнын оқып-үйрене отырып, студенттер ойшыл-ғалымдар, ақын-жазушылар, суретшілер, мүсіншілердің, зиялы қауымның шығармаларымен танысып, сол дәуірге ой жүгіртіп, оның қайталанбас өрнегін көз алдына елестетеді.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Оның өркендеп, дамуы бүгінгі күннің жастарына байланысты. Сондықтан білім алушылар тәуелсіздіктің маңызын терең түсініп, жүрегімен сезінуі қажет. «Қазақ тарихы – әлемдік тарихтың құрамды бөлігі, оның әлемдік дамуға қосқан үлесі, ол адамзат баласының мақтанышы, болашақ дамуы, шарықтау бақыты. Біз тәуелсіз елдің перзенті, Отан тарихын мақтан ете аламыз, ұлттық саналылыққа одан нәр ала аламыз. Қиялымызға серпін, ісімізге екпін, рухымызға күш-қуат берер Отан тарихы – өркениет перзенті, ағайын" деп жазды академик М. Қозыбаев [8]. Осы орайда, білім алушыларға тәуелсіздіктің, егемендіктің маңызы ашып көрсетіліп, тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы тың деректер қонымды пайдаланылады.

**Нәтижелер.** Кредиттік технология студенттерді тарихи пәндер бойынша қажетті әдебиеттер-мен, баспасөз материалдармен, ақпараттық оқыту технологиясы көздерімен, электронды оқу-лықпен, интернетпен, интерактивті тақтамен, оқу-әдістемелік кешендермен және кәсіби білікті профессорлық-оқытушылар құрамымен қамтамасыз етуді қажет етеді. Бұл жүйе студенттердің білім сапасын арттыруға бағытталып, өздігінше білім алуға үйретумен қатар, алған теориялық білімдерін өмірлік тәжірибелерінде пайдаланып, білікті маман даярлауға көмектеседі. Оқытушы-лардан ақпарат легін дұрыс пайдалана отырып, заман талабына сай ақпараттық технологияларды, заманауи әдістемелерді ұтымды қолданып, кәсіби біліктіліктерін одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Жоғары оқу орындарында сапалы бәсекеге қабілетті тарихи білім беру мен оқыту процесінің инновациялық дамуына жол ашу, оқытудың белсенді әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісінде кеңінен қолдануға жағдай жасайды, жаңаша оқыта алатын білімдар ұстаздарды қажет етеді. Олай болса, қоғам сұраныса сай болашақ кәсіби деңгейі жоғары педагог-мамандар даяр-лауда, білім беру ісінің заманауи дамуына ерекше орын беріледі. Бұның өзі оқытудың интерак-тивті әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үрдісінде кеңінен қолдануға жағдай жасайды. Қазақстан тарихын оқыту үрдісінде озат педагогикалық технологияларды пайдалану, білім алу-шылардың өзін-өзі дамытуына, шығармашылық қабілеттерінің одан әрі артуына мүмкіндік береді.

Ғалымдар педагогикалық технология-«оқыту теориясын оқытушы мен оқушы әрекеті ретінде жобалау, алда қойылған нақты мақсаттарға сай оқыту үрдісін тиімді құру, жүзеге асыру, оқыту-дың жаңа жолдарын зерттеп ұсынатын ғылым, оқытуда қолданылатын тәсілдер, ұстанымдар, бағыттаушылар жүйесі, нақты оқыту жүйесі, қайсыбір істе, өнерде, шеберлікте қолданылатын тәсілдер жиынтығы, т.б» деп атап көрсетеді [9;10;11;12; 13; 14; 15].

Зерттеушілер педагогикалық технологияның әртүрлі белгілеріне назар аударады. Педагогикалық технологияларға берілген анықтамалар мен тұжырымдарды қорытындылай келе, педагогикалық технология – педагогикалық жүйенің, яғни оқытудың методикалық

жүйесі (оқытудың мақсаты, мазмұны, әдістері, формасы мен құралдары) мен оған сәйкес дидактикалық процес-тердің жиынтығының практикада іске асырылатын жобасы деп түсінеміз.

«Ежелгі және ортағасырдағы Қазақстан тарихы» кафедрасының профессор-оқытушылары әр дәрісті оқу бағдарламасына сай, тақырыптың негізгі мәселесін мұқият түсіндіру барысында жаңа материалдың жоспарын, негізгі ұғымдарды, даталарды, адамдардың аттарын, танымдық, деңгейлі сұрақ-тапсырмаларды интерактивті тақтаны ұтымды пайдалана отырып түсіндіреді. Жаңа тақы-рып мазмұнын түсінікті жеткізіп, шеберлікпен заманауи ақпараттық технология құралдардың көмегімен түрлі сызба, кестелерді, даталарды, тарихи тұлғалардың суреттерін, мәдени ескерткіш-терді көрсетіп, түрлі деңгейлі сұрақ-тапсырмаларды, слайдтарды ұтымды пайдалануы, сабақтың мақсатына жетуіне, алға қойған міндеттердің ойдағыдай шешілуіне мүмкіндік береді. Оқытушы-лар сабақта оқытудың мынадай интерактивті әдіс-тәсілдерін: проблемалы тапсырма беру және оны шешу, түрлі құжаттар мен әдеби-көркем материалмен топ болып жұмыс жасау, «ми шабуы-лын» өткізу, электронды оқулықтағы тестерді, сұрақтарды шешу, иллюстрациялық материал-дарға талдау жасау, өздігінше слайд, кесте, жоспар жасау, т.б. тиімді ұйымдастырады. Мұндай интерактивті және дәстүрлі әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану студенттердің есте сақтау қабілетін күшейтуге және пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Профессор-оқытушылардың көп жылдық оң тәжірибесі Қазақстан тарихын оқыту үдерісінде төмендегідей білім беру технологиясын пайдаланудың маңызы зор екендігін көрсетеді. Мәселен, *сын тұрғы-сынан ойлау технологиясы* –тақырып мазмұнын зерттеу, бақылау, талдау, әртүрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыдан дамыту; *кейс стади әдісі* - оқытушының креативті ойлауын дамытып, лекцияның мазмұнын ерекше құруға, шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды; *проблемалы оқыту* технологиясының негізінде проблемалық баяндау әдісі; *топтық оқыту технологиясы* – бірлесіп жұмыс істеуге, өз ойын дәлелдеуге, өз пікірін еркін айтуға үйретеді, ұжымдық іс-әрекетте жұмыс істеуге негізделген; *жобалау технологиясында* білім алу-шыларға талқыланатын мәселе бойынша өз әрекетінің жобасын жасауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, топ немесе жекелеген бөлімшелердің өз жобасын қорғайтын, басқалардың алдындағы өзінің көзқарасын дәлелдейтін және достарының пікірін білуге мүмкіндігі болады. Сонымен, Қазақ-стан тарихын оқытуда педагогикалық технологияны дұрыс ұйымдастыру оқу-тәрбие процесінің тиімділігін, педагог пен студенттің шығармашылығын арттыруға, жеке тұлғаның өзіндік құнды-лықтарын, алған білімін жаңа жағдайда өмірлік тәжірибесінде қолдануға себін тигізеді.

Кафедра оқытушылары семинар жүргізу барысында мазмұнға сай, ұйымдастыру кезеңін, кері байланыс арқылы интерактивті сұрақтар қойып, түрлі тың деректермен жұмыс жүргізіп, білім алушылардың өзіндік жұмыстарын бағалайды. Бүгінгі оқытушылар жан-жақты білімді, бәсекеге қабілетті, белсенді, ұтқыр, интерактивті әдістер мен жаңа технологияның қыр-сырын жақсы білумен қатар, сабақта теориялық білімдерін өз тәжірибелерінде қолдануы, кәсіби маман ретінде аудиториядан тыс жұмыстармен ұштастыруы, олардың оқытудың жаңашыл әдіс-тәсілдері мен технологияларын терең пайдалануға ықпал жасайды.

### **Қорытынды**

Сонымен, қорыта келгенде, ЖОО-нда Қазақстан тарихы пәнін оқыту барысында Қазақстан тарихы курсына оқытуда мынадай педагогикалық әдіс-тәсілдер ұтымды пайдаланылады: - студент-тердің проблемаларды анықтауда өз ой-пікірлерін айту, гипотеза ұсыну, жоспарлау, зерттеу жүргізу, дәлелдеу қабілеттерін дамытатын проблемалық, ситуациялық жағдай туғызу; - белгілі бір тақырып бойынша «жобалау» т.б. әдістерін ұйымдастыру (проблемаларды табу, әр білім алу-шының идеясын ұсынуы, топпен талқылау, талдау және шешімнің дұрыстығын негіздеу);-ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануда студенттердің білімдерін арттыру үшін мультимедиялық ресурстарды, түрлі презентацияларды пайдалану, тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыстар жасау, сандық білім беру ресурстары материалдарын қолдануға бағыттау көзделеді. Сабақта жүйелі түрде аудитория және аудиториядан тыс тәрбие жұмыстарын үйлесімділікпен



үнемі байланыста жүргізу білім алушыларды отаншылдыққа, өз отаны– Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуге септігін тигізеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: “Қазақэнциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998.
2. Қазақ Совет энциклопедиясы. - Алматы: ҚСЭ, 1978.
3. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Теория и методика преподавания истории: Учеб. для студ.высш. учеб. заведений.-М.: Владос, 2023. 384 с.
4. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Қазақстан тарихы» жалпы білім беретін пәнінің типтік оқу бағдарламасы. Астана., 2021.
5. Қазақстан тарихы: (көне заманнан бүгінге дейінгі). 5 томдық. - Алматы: Атамұра, 2010.
6. Таймагамбетов Ж.К., Байгунаков Д.С. Қазақстанның тас дәуірі (зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 266 б.
7. Исмагулов О., Исмагулова А. Происхождение казахского народа. По данным физической антропологии. – Алматы, 2017. – 196 с.
8. Қозыбаев М.Қ. Қазақ тарихы - Дала өркениетінің құрамды бөлігі//Отан тарихы, 1998, №1. Б. 19-25.
- 9.Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. - Алматы: Мектеп, 2002. -252 б.
10. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии: Учеб.пособие для студ. сред. пед.учеб. заведений. Под ред С.А.Смирнова. М.: Издательский центр «Академия», 2019.-544б.
11. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии – М., 1998.
12. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М., 2019.
13. Хуторской А.В.Современные методы обучения и дидактический практикум. - М., 2021.
14. Хуторской А.В. Ключевые компетенции. Технология конструирования// Народное образование, 2023, № 5. С. 55-61.
15. Сергеев И.С. Как реализовать компетентностный подход в обучении// Преподавание истории и обществознание в школе, 2023. № 1.-С. 29-39.

*References:*

1. Kazakhstan: National Encyclopedia/editor-in-chief A. Nysanbayev. Almaty: Kazakencyclopedia, 1998.
2. Kazakh Soviet Encyclopedia. Almaty: KSE, 1978.
3. Vyazemsky E.E., Strelowa O.Y. Theory and methods of teaching history: Textbook for higher education students. studies. institutions.-M.: Vlados, 2013. 384 p.
4. The standard program on the history of Kazakhstan for the University.Astana, 2022.
5. History of Kazakhstan: (from ancient times to the present). Volume 5.Almaty: Atamura Publ., 2010.
- 6.Taimagambetov Zh.K., Baigunakov D.S. The Stone Age of Kazakhstan (history, research and main problems). Almaty: Kazak University, 2008. 266 p
7. Ismagulov O., Ismagulova A. The origin of the Kazakh people. According to physical anthropology. – Almaty, 2017. – 196 p.
- 8.Kozybaev M.K. The history of the Kazakhs – part of the steppe civilization //National History, 1998, No. 1. pp. 19-25.
9. Dictionary of the Kazakh language. Pedagogy and psychology. Almaty: Mektep, 2002. 252 p.
10. Pedagogy: pedagogical theories, systems, technologies: Textbook.manual for students. sred. ped. studies. establishments. Edited by S.A.Smirnov. Moscow: Publishing Center "Academy", 2019.-544 p.
11. Selevko G.K. Modern educational technologies– Moscow, 1998.

12. *Bespalkov, P. Components of pedagogical technology. Moscow, 2019.*
17. *Khutorskoy A.V.*
13. *Khutorskoy A.V. Modern teaching methods and didactic practice. Moscow, 2021.*
14. *Khutorskoy A.V. Key competencies. Design technology// Public Education, 2023, № 5. pp. 55-61.*
15. *Sergeev I.S. How to implement a competence-based approach in teaching// Teaching History and Social Studies at School, 2023, No. 1, pp. 29-39.*